



**Ежелгі
Қазақстан
тарихы
1-сабақ**

6-сынып(1-бөлім)

Қамтылатын тақырыптар:

1. Палеолит (Ежелгі тас ғасыры)
2. Мезолит (Орта тас ғасыры)
3. Неолит (Жаңа тас ғасыры)
4. Энеолит (Мыс-тас ғасыры)
5. Қола дәуірі

Алғашқы адамдар

Адамға ұқсас тіршілік иелері осыдан 2,5 миллион жыл бұрын өмір сүрген. ең алғашқы жандар «*епті адам*» Африкада Кения жеріндегі Олдувэй шатқалынан Алғашқы адам тектес *гоминидтер* ірі маймылға ұқсас болған.

питекантроп пен *синантроп*- «тік жүретін адамдар». Оның алғашқы өкілі питекантроп 1891 жылы Ява аралынан табылған. Ол мөлшермен бұдан 1 млн жыл бұрын тіршілік етсе, синантроп «Қытай адамы» бұдан 500–200 мың жыл бұрын мекендеген.

Көне адамның тағы бір түрі «*неандерталь*» болып есептеледі, ол Германия жерінен кезіктірілген. Ол бұдан 200–35 мың жыл бұрын өмір сүрген.

Неандертальдық баланың сүйегі Өзбекстандағы Тесіктас деген үңгірден де табылған. Неандертальдық жандар – тік жүретін адам мен саналы адамдар арасындағы өтпелі кезеңде өмір сүргендер.

Бүгінгі бізге ұқсайтын адамды – *Хомо сапиенс* деп атайды, бұл «саналы адам» деген мағынаны білдіреді. Бұдан шамамен 40–30 мың жыл бұрын пайда болған. «Саналы адамның» сүйегі алғаш рет Францияның Кро-Маньон үңгірінен табылғандықтан, саналы адам кроманьондық деп те аталады.

Алғашқы адамдардың кәсібі

- Алғашқы адамдардың негізгі кәсібі *терімшілік* және *аңшылық* болған. адамдар тобыры дейді. Олар үңгірлер мен тау шатқалдарын мекендеді. еңбек құралдары тастан жасалды, олар – *қол қашау, чоппер, чоппинг*, т.б. Ерте палеолитте тастан – кескіш, қырғыш, тескіштер жасады.
- Қаратау үңгірінен табылған жуан емес ағашты кесетін екі жағын егеп – ирек ара тәрізді құрал жасаған.
- Палеолитте дөңгелек өзектасты шетінен ортасына қарай жару тәсілі – нуклеус (тілгіш пен қырғыш) жасалды.
- Бір қабат өңделген қарапайым шапқыш тас құралдың жүзін ұсақ керттік – ойықтар жасау арқылы өткірлеу *ретушь әдісі* делінген.

- Аңаулауда қысқа сапты ағаш найза – *дротик*
- ұшы сүйектен жасалған сүңгі – *гарпун*, жануарлардың мойнына не аяғына оратылып құлататын жіп байланған тастар - *болас*
- Тасты бір жағынан соққылау арқылы сындырып, қырландырған, бұндай құралды *монофас* деген, егер екі жағынан жүз шығарса, ондай құралды *бифас* деп атаған.
- Сүйектен ине және біз дайындады. Жіп орнына жануарлар сіңірлерін, жамылғы есебінде аң терілерін пайдаланды.
- Жамбыл облысынан палеолит дәуірінің 5 мыңнан аса еңбек құралдарынан – тас қашау мен үшкір заттар табылған.

• Палеолит (б.з.б. 2 млн 600 мың - б.з.б. 12 мың жыл)



Ерте палеолит
(б.з.б. 2,6 млн жыл –
б.з.б. 40 мың жыл)

Кейінгі палеолит
(б.з.б. 40–12 мың
жыл)

Ерте палеолит: *олдувэй, ашель, мустье*

- **Олдувэй** б.з.б. 2,6 млн-800 мың
- **Ашель** б.з.б. 800–140 мың жылдар
- **Мустье** б.з.б. 140–40мың жылдар

Қазақстан аумағында алғашқы адамдардың қоныстанған уақыты - *ерте палеолитте басталды*. Оңтүстіктен алғашқы адам іздері - Шабакты, Қазанғап, Тәңірқазған т.б. тұрақтарынан табылған.

Ашель кезеңі

- Ашель кезеңінің ескерткіштеріне Қаратау жоталарындағы Бөріқазған мен Тәңірқазған тұрақтары, осы тұрақтардан Африкадан табылған құралдармен ұқсас құралдар табылды.
- Орталық Қазақстанда Құдайкөл, Жаман Айбат, Обалысай
- Шығыс Қазақстаннан Қозыбай тұрақтары жатады

Мустье кезеңі

- Мустье кезінде еңбек өнімділігі артып, адамдардың алғашқы ұжымы тұрақты қауымға айналып жатты.

- Қазақстанның орталық және шығыс аймақтары осы кезде игеріле бастаған. Осы аймақтардан *Обалысай, Мұзбел, Қанай (140–132 мың жыл)*, т.б.

- Оңтүстік Қазақстаннан тереңдігі 7 метр болатын **Ш. Уәлиханов** тұрағы, **Қызылрысбек, Арыстанды**

- **Маңғыстауда – Шақпақата** тұрағы

- Бұдан 100 мың жыл бұрын жердің көп аймақтарын мұз басып жатқандықтан, **мұз басу дәуірі** деп атайды. Палеолит дәуірінде, адам баласының бет-бейнесі, санасы қалыптасып, от жағуды алғаш меңгерді.

Кейінгі палеолит кезеңі

- Бұл кезде адамдар барлық аумақтарға таралып қоныстанды
- Орталық Қазақстандағы *Қарабас*, *Семізбұғы* тұрағынан жүзі түзу қырғыштар, қайқы тас пышақ қырғыштар табылған.
- 6 метр тереңдіктен 300-ге таяу тас құрал шыққан *Батпақ* тұрағының мөлшері – б.з.б. 30–25 мыңыншы жыл аралығын қамтиды.
- Шығыс Қазақстаннан *Бұқтырма* мен *Шүлбі*, оңтүстіктен *Ащысай*, *Жетісудан Майбұлақ* тұрақтары қазылып, зерттелді.

- Мұз дәуірі бұдан 13 мың жыл бұрын аяқталды
- Ертедегі адамдардың маймылдар мен жануарлардан басты айырмашылығы – еңбек құралдарын жасағаны болды
- Рудың алғашқы түрі – аналық ру болды.
- **Экзогамия** дегеніміз – рудың құрамына кіретін адамдардың бір-бірімен некелесуіне тиым салу.
- Рулық қауым ішінде кездесетін барлық мәселелер жалпы жиналыста шешілді.

Орта тас ғасыры

(мезолит). б.з.б. 12–5 мың

- Бұдан 13 мың жыл бұрын мұздақтар еріп бітті.
- Қазақстан жерінде **бүгінге ұқсас қолайлы климат** қалыптаса бастады.
- Мезолит дәуірі жетістіктерінің бірі – ұсақ жаңқа тастан жасалған құралдар – **микролиттер** болды.
- **Микролиттер** дегеніміз – ұзындығы 1–2 см-дей құралдар
- Мезолит заманының тағы басты жаңалықтарының қатарына – **садақ пен жебенің** жасалуы жатады.

Мезолит тұрақтары

- Атбасар маңында – **Тельман**
- Қарағанды жанында – **Әкімбек**
- Көкшетауда – **Виноградовка**
- Торғай жерінде – **Дүзбай**
- Маңғыстауда – **Қызылсу**
- Солтүстік Қазақстанда – **Мичурин, Боголюбов** ескерткіштері, **Явленка** тұрақтары

Кәсібі

- Балық аулау үшін гарпун, ау, шанышқы, қармақты пайдаланды. Балық аулау іздері – Ертіс, Сырдария өзендерінің бойынан кездеседі
- 10 мың жыл бұрын *егіншілік* пен *мал өсірудің* қарапайым түрі қалыптаса бастады
- Қолға алғашқы болып ит үйретілді
- Мезолитте де адамдардың негізгі кәсібі аңшылық пен терімшілік болды.
- Ерлер аң аулап, әйелдер терімшілікпен айналысып, ерлер мен әйелдер арасында еңбек бөлінісі қалыптасты.
- Балалар тобынан ересектер тобына өту – **бағыштау** (инициация) делінген.

Жаңа тас ғасыры (неолит)

б.з.б 5-3 мың жылдық

- Неолитте тоқыма тоқу қалыптаса бастады.
- Неолит дәуірінің үлкен жаңалығы – **қыш құмыра** (көзе) жасауды үйренді
- Өндіруші шаруашылық пайда болды.
- Табиғаттың сыйына тәуелділіктен құтылды
- Неолит дәуірінде тас өңдеу жоғары деңгейге көтеріліп, дән үккіштер, жер жыртатын тас теселер, егін оратын тас орақтар жасалды.
- Алғашқы кен өндірісінің белгісі – неолитте пайда болды

Неолит тұрақтары (800-ге таяу)

- б.з.б. 5 мың жылдыққа жататын ең көне тұрақ– Оңтүстік Қазақстандағы **Қараүңгір** тұрағы.
- Шығыс Қазақстан жерінде – **Уст-Нарым**
- Солтүстік Қазақстан жерінде – **Пеньки**.
- Орталық Қазақстан жерінде – **Қарағанды, Зеленая Балка** (мал сүйектері табылды.)

- Жезқазған жерінен 150-ге жуық тұрақ, көне кен шығару, жерлеу орындары табыл
- Орталық Қазақстаннан мал сүйектері көптеп табылды
- Балқаштың оңтүстік-шығысынан кварцит пен яшмадан жасалған заттар
- Шақпақ тастан (кремний) жасалған ұсақ құралдар Балқаштың солтүстігінен табылды
- Қызылорда облысындағы Сексеуіл тұрағынан қой, сиыр сүйектері кездескен және осы тұрақта су қоймасы болған, олар аңшылықпен де айналысқан.
- Қараторғай өзені маңынан неолитке жататын тұрақтан садақ пен жебе шықты
- Неолитке жататын ұршық басы Тобыл өзені өңірінен табылды

- Неолитте аналық ру үстемдік етті
- Теселі егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы адамдар үшін күнделікті өмірлеріне қажетті еңбек құралдарын жасау қажеттілігін туғызды.
- Қарағанды аумағынан табылған неолиттік ыдыстардың сыртына геометриялық өрнектер салған.
- Қарауңгірден табылған қыш ыдыстың түбі қызыл бояумен боялыпты.
- Неолит дәуірі адамдарының өзіндік дүниетанымы, о дүниеге деген сенімі болғандығын дәлелтейтін тұрақ – Железинка тұрағы

Мыс-тас ғасыры (энеолит)

б.з.б. 3000–1800 жылдар

- Ең бірінші қолданылған металл мыс болатын.
- Тас пен мыстан жасалған еңбек құралдарын кеңінен қатар қолданылған кезең – **энеолит** кезеңі
- Еңбек бөлінісі қалыптасып, аталық ру орнады.
- Алғаш мыс игерілген аймақтар Орталық пен Шығыс Қазақстан аумағы

Тұрақтары

- Солтүстік Қазақстандағы **Ботай** тұрағы (б.з.б. 3–2 мыңжылдықтар аралығы), ол 15 га жерді алып жатыр. Ботай мекенінен 158 тұрғын үй, өте көп жылқы сүйектері табылды.
- Маңғыстау жеріндегі энеолиттік ескерткіш – **Шебір** мекені. Шебірден табылған ыдыстарда тарақ сияқты өрнектер кездеседі, және ұлу қабығынан жасалған моншақ бұйымдар табылды.

Ежелгі адамдардың қоршаған орта туралы түсінігі

- Табиғаттың дүлей құбылыстарынан өздерін сақтау үшін құлшылық етіп, құрбандық шалып, жалбарыну-магиялық әрекет
- Археологтар тапқан сүйек пен мүйізден жасалған бейнелерде әйелдер суреті жиі кездескен
- Жаңа тас дәуірі мен мыс-тас дәуірінің басты ерекшелігі – өнер.
- Үңгір қабырғаларына ойма суреттер (гравюра) салған. Ертедегі мүсіншілер – сүйек пен мүйізден қашып бара жатқан еліктерді бейнелеген.
- Ежелгі адамдар өз білімдерін суретті хат арқылы жеткізуі-
пиктография
- **Анимизм** – жан мен рухтың бар екендігіне сену.
- Адамдар өздерінің шығу тегін жануарлармен байланыстыруы –
тотемизм
- Адамдардың бір материалды затқа ерекше қасиеті бар деп табынуы – **фетишизм**

Қола дәуірі (б.з.б. 2–1 мыңж)

- Еуразия даласындағы қола дәуірінің жетістіктері Андрон мәдениеті деп аталды
- Андронов селосы Ачинск қаласы маңынан табылды

Андрон мәдениеті

```
graph TD; A[Андрон мәдениеті] --> B[Алакөл мәдениеті мәдениеті]; A --> C[Федоров];
```

Алакөл мәдениеті мәдениеті

Оралдың шығысынан басталып,
Оралдың
Ертіске дейін, оңтүстікте Сырдария,
Сібір
Әмудария өзендеріне дейін
таулары

Федоров

Қазақстан жерінде,
бергі бетінде, Батыс
жерінде, Орта Азия

- Қола дәуірін 1946 жылы жоспарлы түрде зерттеу (Ә. Марғұлан) басталды.
- Шығыс Қазақстанда Мало-Красноярка
- Батыс Қазақстанда Алексеев
- Солтүстік Қазақстанда *Степняк*
- Көкшетау жеріндегі қола шалғы табылған *Шағалалы*
- Солтүстік Қазақстан жеріндегі сырттары дуалдармен қоршалған қоныстар – Петровка, Боголюбов
- Солтүстік және Батыс Қазақстанда зерттелген Андрон мәдениетінің қоныстар саны 80-нен асқан.
- Аса ірі тұрақтардың бірі – Қостанай облысы мен Ресейдің Челябині облысы шекарасында табылған Арқайым қонысы.
- Сырдарияның төменгі ағысында, қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын күйдірілмеген кірпіштен салынған Түгіскен кесенесі бар

• Орталық Қазақстан аумағы да ең жақсы зерттелген аймақ болып табылады. Жезқазған өңірінен 150 ге жуық тұрақтар табылған

1. *Ерте қола Нұра* кезеңі – б.з.б. XVIII – б.з.б. XVI ғасырлар
2. *Орта қола Атасу* – б.з.б. XVI – б.з.б. XII ғасырлар
3. Соңғы кезең мәдениеті – *Беғазы-Дәндібай* б.з.б. XII – б.з.б. VIII ғасырлар

- Б.з.б. 2 мыңжылдықтың соңында мал бағудың көшпелі түріне көшу қалыптаса бастап, шаруашылықтың басты түрі – мал шаруашылығы болды
- Жер өңдеудің теселі егіншілік сияқты қарапайым түрі дамыды
- Кен өндіру мен металл өңдеу ісі дамыды
- Дөңгелекті көлікті пайда болды
- Зергерлік бұйымдар жасады. Алтыннан жасалған бұйымдардан бір жарым орамды алтын сырғалар кездеседі. Оларды әйелдер самай шаштарына қыстырғандықтан самай сырға деп аталады.
- Қола дәуірінде металл кеніштері Зырян, Жезқазған, Қарқаралы, Ақшатау тауларынан өндірілген. Белгілі ғалым Қ.И.Сәтбаевтың зерттеуінше, Жезқазғаннан 1 млн тоннадай кен өндіріліп, одан 100 мың тоннадай мыс қорытылған. Қола дәуірінде Шығыс Қазақстан жеріндегі Нарын мен Қалба кен орындарынан 1100 тонна қалайы шығарған. Кенді қорыту үшін қазандықтар салынды.

- Андрондықтардың дөңгелек, жеңіл баспаналары қазақтың киіз үйіне ұқсас. Қола дәуірінің қоныстары (5–10 кейде 20 шақты үйден тұрған) көп жағдайда өзен жағалауларында орналасқан.
- Қола дәуіріндегі ежелгі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың орындалуын қадағалап отырған жоғары дінбасылары –**абыздар** пайда болды.
- Андроновтықтар адамды жерлегенде құрсағында жатқан қалыпта аяқ қолын бүгіп қоюға тырысқан. Олар о дүниеде тіршілік жалғасады деп түсінген. Андроновтықтардың діни сенімінде отқа, күнге табынған. Андрондықтардың тасқа салынған суреттері Оңтүстік Қазақстанда Қаратаудан және Жетісудағы – Таңбалытастан табылған. Жасыбай, Хантау жерлеріндегі суреттерде көбінесе, қос өркешті түйелер кездеседі. Қаратаудағы жартасқа салынған суреттердің ішінде арбалар көп бейнеленген.